

ХАБАРЛАМА

Құрметті ата-аналар, өкілдер.

Сізге 2021 жылдың 9 ақпанында № 45 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Нұр-Сұлтан қ. Генерал С.Қ. Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі (әрі қарай - Мектеп) Армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов атындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери колледжі болып қайта құрылғанын хабарлаймыз.

Колледж кәсіптік техникалық білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Жалпы орта білімнің (орта мектеп) білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілмейді, өйткені осы білім беру қызметіне лицензия алынады.

Мектепке оқуға түскен кезде сіздерге тиісті хабарлама берілген, және сіз оқуға арналған шартқа қол қойғансыз, оның 4.4. тармағында мектептің Әскери колледжге қайта құрылу мүмкіндігі айтылған болатын.

«Білім туралы» ҚР Заңы 42 бабының 2 тармағына сәйкес, тәрбиеленушілер әрі қарай оқуды жалғастыру үшін Алматы, Қарағанды, Шымкент ққ. «Жас ұлан» республикалық мектептеріне ауыстырылатын болады.

Мектептердің мекенжайлары және телефондары:

Б. Момышұлы атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі – Алматы қ., Пятницкого көш., 100, тел. 8(727)3097365.

Т. Бегельдинов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі – Қарағанды қ., Мұстафин көш., 10, тел. 8(7212)561161.

С. Рахимов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі – Шымкент қ., Қалдаяқов көш., 3, тел. 8(7252)563245.

Мектептердің біріне ауыстыру үшін Сіз біздің мекенжайға өтініш жазуыңыз қажет.

Басқа өңірлердегі ата-аналарға (өкілдерге) ыңғайлы болу үшін zhasulan@mod.gov.kz электрондық пошта жұмыс істейді, өтінішті беру тәртібі және іс-қимылдардың кейінгі хронологиясы туралы ресми ақпарат zhasulan.mil.kz сайтында орналастырылады.

Жауапты адамдар:

Мектеп бастығының орынбасары – оқу бөлімінің бастығы подполковник Байкенов Хамит Бақдаулетұлы, ұялы тел. +77784535008; 87172474097.

Мектеп бастығының орынбасары – тәрбие және идеология жұмыстары бөлімінің бастығы майор Байқұлов Серік Нұрмолданұлы, ұялы тел. +77017013001; 87172474097.


Сіздерден біздің ресми сайтымыздың сенімді ақпаратын ғана басшылыққа алуды, және ротаның, взводтың және т.б. өзге лауазымды, қандай да бір түсініктеме беруге уәкілетті емес, тұлғаларының көмегіне жүгінбеуді сұраймыз.

Одан басқа, сіз балаңызды өз таңдауыңыз бойынша басқа да білім беру ұйымдарына ауыстыруға құқылы екеніңізді хабарлаймыз.

Қосымша: хабарламаның және шарттың көшірмелері, 4 парақта.

**Генерал С.Қ. Нұрмағамбетов атындағы
«Жас ұлан» республикалық мектебінің бастығы**

әділет полковнигі



Т. Басхожаев